

## Көшелерге атап беру туралы

Ақтөбе облысы Алға ауданы Үшқұдық ауылдық округі әкімінің 2008 жылғы 10 қарашадағы № 27 шешімі. Ақтөбе облысының Алға аудандық әділет басқармасында 2008 жылдың 12 желтоқсанда № 3-3-63 тіркелді

Ескерту. Шешімнің деректемелерінде және бүкіл мәтіні бойынша "селолық" сөзі "ауылдық" сөзімен ауыстырылды – Ақтөбе облысы Алға ауданы Үшқұдық ауылдық округінің әкімінің 10.11.2015 № 60 шешімімен (алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35 бабының 2 тармағына, Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылышы туралы" Заңының 14 бабының 4) тармақшасына сәйкес және аумақ халқының пікірін ескере отырып, Үшқұдық ауылдық округінің әкімі ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда– Ақтөбе облысы Алға ауданы Үшқұдық ауылдық округі әкімінің 16.04.2020 № 1 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

1. Үшқұдық ауылдық округі халқының пікірін ескере отырып Ақсазды, Жерүйық ауылдарының көшелеріне атап берілсін.

1) Ақсазды ауылдың көшелеріне:

Н 1 көшеге Еңбекші.

Н 2 көшеге Орталық.

Н 3 көшеге Мектеп.

Н 4 көшеге Жасыл.

2) Жерүйық ауылдың көшелеріне:

Н 1 көшеге Бірлік.

Н 2 көшеге Бейбітшілік.

2. Осы шешім алғаш ресми жарияраланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Үшқұдық ауылдық округінің әкімі

С.Балгожин